

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ



**«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»
білім беру бағдарламасы**

**Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей
дошкольного возраста»**

Астана қаласы, 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы – Астана, 2024. – 29 бет.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., профессор

Джуматаева А.Д., меңгеруші

Мухиденова Ж.А., әдіскер

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеу бойынша материалды қамтиды.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сынып педагогтеріне және тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған.

Білім беру бағдарламасы Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2024 жылғы 12 ақпандағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2024 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әлемде ешбір адам техногендік және табиғи апаттардан сақтандырылмаған. Бүгінгі күні өмірдің өзі ересектерге ғана емес, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету қажет екенін дәлелдеді. Әлеуметтік, табиғи және экологиялық қолайсыз жағдайларда баланың қоршаған әлемді тануға деген қызығушылығы ол үшін қауіпті болуы мүмкін.

Сондықтан баланы өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне саналы, жауапты қарауға үйрету, төтенше жағдайларда жылдам әрекет етуге дайындау қажет.

Негізгі міндет – көшеде, жолдарда, қоғамдық көліктерде, табиғатта, өрт болған кезде және тағы басқа жағдайларда қауіпсіздік ережелеріне қарсылықсыз бағыну талап етілетіні, яғни оларды орындау қажет екені туралы балаларда ой қалыптастыру.

Табиғи апаттар мен төтенше жағдайларда мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету баланың қауіпті жағдайларда саналы мінез-құлық қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған кешенді жұмысты көздейді. Қауіпсіз өмір сүру мәселесін бүкіл әлем мойындайды және шешуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Әрбір адам, ересек те, бала да кез келген сәтте төтенше жағдайға, қауіпке тап болуы мүмкін. Техногендік және экологиялық апаттар, террористік актілер, әскери шиеленістер, қылмыстың өсуі, әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық әсіресе балаларға қатты әсер етеді.

Бұл жұмыстың өзектілігі мектепке дейінгі жас баланың жеке тәжірибесін қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылатынымен байланысты, дәл осы кезеңде қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды, сондықтан балаларды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге дайындау жүзеге асырылуы керек.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) негізінде әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: салауатты әдеттерді сақтауда, жарақаттанған жағдайда, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

Бағдарламаның міндеттері: тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын жетілдіру; әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру және ықтимал қауіптер, олардан аулақ болу, денсаулық пен өмірді сақтау тәсілдері, қоршаған ортаның қауіпсіздігі туралы түсініктерін кеңейту; қауіпсіз мінез-құлық тәсілдерін игеру процесінде ересектермен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, өзіне және басқаларға көмектесуге үйрету, қауіпті жағдайларда мінез-құлық ережелеріне бағыну, мектеп жасына дейінгі балаларда мінез-құлық нормаларын, өзіне деген сенімділікті дамыту.

Бағдарламаның мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуге, өз денсаулығына саналы түрде қарауын қалыптастыруға, салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы түсініктерді кеңейтуге; өз өмірінің қауіпсіздік ережелерін сақтауға; табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздіктің қарапайым ережелерімен таныстыруға; телефонды пайдалануға (құтқару қызметіне қоңырау шалу) бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мазмұны мына бағыттар бойынша құрылған:

1. Баланың денсаулығы
2. Бала және табиғат
3. Бала үйде болғанда
4. Бала және балабақша
5. Бала көшеде болғанда
6. Бала және бейтаныс адамдар

Бағдарлама мектепалды жастағы (5 жас) балаларға арналған.

Педагог балаға:

ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді;
қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;
өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді;
әртүрлі жағдайда қауіпсіз мінез-құлық ережелері қолдануды;
тыңдауды, түсінуді және ересектің тапсырмасын орындауды;
әртүрлі жағдайда бір - біріне көмектесуді.

Бұл материал меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сынып педагогтеріне, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарлама мазмұны түрлі балалар әрекетін (ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, зерттеу, еңбек, заттық, қимыл, бейнелеу) кіріктіруді көздейді. Қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру бойынша күні бойы тәрбиеленушілердің алған түсініктері қауіптілік деңгейін бағалауға көмектеседі: тәрбиеленушілер жағдайды талдауға, жалпылауға, модельдеуге, қауіпті байқауға, оның нәтижесін болжауға үйренеді.

НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

«Баланың денсаулығы»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

ағза құрылысы туралы балалардың білімдерін қалыптастыру;

физикалық белсенділіктің пайдасы, маңызы туралы түсінікті дамыту;

жұқпалы аурулар, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсінік қалыптастыру;

жеңіл жарақаттар алған кезде балаларды алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым ережелерімен таныстыру;

балаларды телефонды пайдалануға, құтқару қызметтерінің нөмірлерін теруге үйрету (жедел жәрдем 103);

адамның қалыпты өмір сүруі үшін дәрумендердің қажеттілігі туралы, олар қандай тағамдардың құрамына енетіні туралы балалардың білімдерін кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:

салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;

ағза құрылысы туралы біледі;

гигиеналық шараларды дербес орындайды;

қан айналымы туралы біледі;

жұқпалы аурулар және олардың белгілері туралы түсінігі бар;

физикалық ауырсыну және өзінде аурудың алғашқы белгілері байқалған кезде ересек адамнан көмек сұрай алады;

алғашқы көмек көрсетудің қарапайым ережелерін біледі;

телефонды пайдалана алады, 103 жедел жәрдем нөмірін тереді;

дәрумендердің пайдасы туралы біледі.

Баланың денсаулығы

Балаларға денсаулық өмірдің басты құндылықтарының бірі екенін түсіндіру. Әр бала күшті, сергек, жігерлі болғысы келеді: шаршамай жүгіру, велосипед тебу, жүзу, ауладағы балалармен ойнау. Жағдайдың нашарлауы, аурушандық бала дамуының артта қалуының, сылбырлықтың және көңіл-күйдің болмауының себептері болып табылады. Сондықтан бала өз денсаулығы туралы ойлауы, өзінің дене мүшелерін білуі, ағзасына зиян тигізбеуі, оған қамқорлықпен қарауды үйренуі керек.

Балаларды адамның дене, ағза құрылысымен таныстыру. Иллюстрациялық материалды қолдана отырып, анатомия мен физиология, адамның негізгі жүйелері мен мүшелері (тірек-қимыл аппараты, бұлшық ет, ас қорыту, зәр шығару жүйелері, қан айналымы, тыныс алу, жүйке жүйесі, сезім мүшелері) туралы түсінікті етіп айтып беру.

Балаларға қол, аяқ, бас, кеуде қайда орналасқанын көрсетуді ұсыну. Олардың назарын дененің адам тік тұра алатындай орналасқанына аудару: бас – жоғарыда; қолдар – ортада (оларды жоғары және төмен қалыпта қолдануға ыңғайлы); аяқтар

– ұзын және мықты (бүкіл денені ұстап тұрады және оны қозғалтады); аяқтың төменгі жағында – табан. Дененің сол жағында кеуде қуысының астында негізгі орган – жүрек орналасқан.

Қан айналымы туралы айту, балаларға жүректің қалай соғатынын тыңдауды ұсыну, оның жиырылып, созылатынын, қанды айдап, сорғы сияқты жұмыс істейтінін түсіндіру. Шаршаған кезде біздің ағзамыз қанды көбірек қажет етеді, ал жүрек соғысы жиілейді; егер біз тыныш жағдайда болсақ, онда энергияны әлдеқайда аз жұмсаймыз, ал жүрек демалып, баяу соғуы мүмкін. Балаларға жаттығудан кейін, тыныш жағдайда, ұйқыдан кейін жүректің қалай жұмыс істейтінін тексеруді ұсынуға болады.

Балаларға жұқпалы аурулар туралы қарапайым мәліметтер беру, олардың қоздырғыштары: микробтар, вирустар, бациллалар туралы айту.

Балалармен аурулардың алдын-алу және емдеу мәселелерін талқылау, педагог дәрі-дәрмектер туралы қарапайым мәліметтерді: олардың тигізетін пайдасы (ағзаға енген зиянды микробтармен қалай күресуге, оның қорғанысын қалай күшейтуге болады) туралы және қандай қауіп төндіруі мүмкін (дәрі-дәрмектерді дұрыс қолданбаған жағдайда) екенін айтуы керек. Балалар дәрі-дәрмектерді дәрігердің тиісті тағайындауымен және ересектердің қадағалауымен ғана ішетінін білуі керек. Басқа адамдардың дәрі-дәрмектерін (ата-анасының, ата-әжесінің) ауызға алуға және дәмін көруге болмайтынын айту.

Аурулардың алдын-алу қажеттілігін талқылауда балаларға дәрумендердің пайдасы, олардың ағза үшін маңызы, денсаулық пен тамақтанудың байланысы, сондай-ақ қандай тағамның пайдалы және зиянды екені туралы айту қажет.

Балаларды жарақаттар алған кезде әрекет ету ережелерімен таныстыру: саусағын кесіп алғанда қолды жоғары көтеріп, ересектердің көмегіне жүгіну; күйіп қалған, ара немесе сона шағып алған, құлап, аяқ-қолын, басын қатты ауыртып алған жағдайда міндетті түрде ересектерге айту.

«Бала және табиғат»

Мақсаты: балаларды адамның денсаулығы мен өміріне белгілі бір қауіп төндіретін кейбір табиғат құбылыстарымен таныстыру.

Міндеттері:

табиғатта (күннің көзінде, суда, мұзы қатып қалған тоғандардың жанында) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру;

балаларға мұзда сырғанау ережелері туралы білім беру;

балаларды компаспен таныстыру, компасты қолдануға үйрету;

табиғат жағдайларында уақытты анықтау әдістерімен таныстыру;

табиғат құбылыстары: найзағай, дауыл, боран туралы түсінік беру, найзағай, дауыл, боран кезінде мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

жер сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғи апаттар туралы түсінік беру, жер сілкінісі, су тасқыны кезінде мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

табиғатта мінез-құлық ережелерін біледі;

найзағай, дауыл, боран сияқты табиғат құбылыстары туралы түсініктерге ие;

найзағай жарқылдаған кезде қауіпсіздік ережелерін біледі және қолданады;
жазғы ыстықта, температураның күрт төмендеуінде, көктайғақ кезінде сақтық шаралары туралы түсінігі бар;
мұзда сырғанау ережелерін біледі;
жер сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғи апаттар туралы түсініктерге ие, табиғи апаттар кезінде қауіпсіздік ережелерін біледі;
компасты қолдана алады;
табиғи жағдайларда уақытты анықтайды.

Бала және табиғат

Иллюстрацияларды көрсету және балаларды табиғат құбылыстарымен (найзағай, дауыл, боран) таныстыру. Жаңбыр жауған кезде күннің күркіреуін тындап, найзағайдың жарқылын көруге болады.

Балалармен бірге түрлі табиғаттағы өзгерістерге сәйкес қандай сақтық шараларын қолдану керектігін талқылау.

Күн күркіреген кездегі қауіпсіздік ережелерін қарастыру және талқылау:

- күн күркіреген кезде үйде болған абзал және терезелерге жақындамау керек;
- күн күркірегенде биік нысандардан, әсіресе ағаштардан алшақ кету керек;
- металл конструкциялардан мүмкіндігінше алшақ болу керек;
- егер күн күркіреген кезде адам шомылып жүрсе, дереу судан шығу керек.

Балалармен бірге кейбір табиғат құбылыстары мен сақтық шараларын қарастыру және талқылау. Жазда қатты ыстық адамдарды әлсіретуі мүмкін, әсіресе түскі уақытта далаға шықпаған жөн. Қыста температураның күрт төмендеуі мүмкін, көбінесе көктайғақ болады. Көктайғақта тепе-теңдікті ұстай алмай, құлап, жарақат алу қаупі бар. Мұздың үстінде тізені сәл бүгіп, қолдарды екі жаққа жіберіп, ұсақ жылжымалы қадамдармен жүру керек. Қалаларда үйлердің төбесінде ірі және ұсақ мұз сүңгілері жабысып тұруы мүмкін, олар өтіп бара жатқан адамдарға құлап, өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Тротуарлармен жүру кезінде сақ болу және мұз сүңгілері құлауы мүмкін жерлерден алшақ болу керек.

Балаларға белгілі бір аумақта болатын және табиғат құбылыстарымен (жер сілкінісі, су тасқыны) байланысты төтенше жағдайлар туралы айту.

Балаларға жер сілкінісін тәжірибе арқылы көрсету. Балалар педагогпен бірге бұл құбылысты талқылайды, педагогтің сұрақтарына жауап береді. Балаларды жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Егер ғимаратта болған жағдайда: жер сілкінісінің алғашқы белгілері білінген кезде ғимараттан бірнеше секунд ішінде дереу шығуға тырысу керек. На улице необходимо отбежать подальше от строений и фонарных столбов; если вы находитесь на верхних этажах, с началом толчков, прикрыв голову, нужно отбежать от окон, укрыться в углу внутренней стены. Көшеде ғимараттар мен шам бағаналарынан алшақ тұру; егер жоғары қабаттарда болған жағдайда дүмпу басталысымен басты жамылғымен бүркеп, терезелерден алшақ кету, қабырғаның ішкі жағына жасырыну.

Жер сілкінісінен кейін: жерасты дүмпулері тоқтағаннан кейін дереу сыртқа шығу; аяқты жарақаттап алмау үшін аяқ киіммен шығу керек; көшеде қауіпсіз орындарға орналасу: ғимараттардан, бағандардан және электр желілерінен алшақ болу, жыламау, егер біреу жыласа, оны тыныштандыруға тырысу; телефон желісі

шамадан тыс жүктелуіне байланысты телефонды өте қажет болған жағдайда ғана қолдану; өзінді тексеру, егер қажет болса, өзіне көмек көрсету, жарақаттары туралы ересектерге айту қажет.

Балаларды компаспен, оның пайда болу тарихымен таныстыру, оны қалай пайдалану керектігін үйрету, компастың көмегімен аймақты бағдарлау қабілетін дамыту.

«Бала үйде болғанда»

Мақсаты: балаларды адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті тұрмыстық заттармен және төтенше жағдайлармен (өрт, жарылыс) таныстыру.

Міндеттері:

балаларды тұрмыстық заттарды (үтік, газ плитасы, пеш және т. б.) дұрыс пайдалануға үйрету;

үшкір заттармен жұмыс істеуде сақтық шараларын үйретуді жалғастыру;

үй жағдайында не істеуге болатыны және не істеуге болмайтыны туралы білімдерін бекіту;

өрт туралы алған білімдерін жүйелеу;

өрт болған кезде дұрыс әрекет етудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

кіші балаларға эвакуация кезінде көмектесу керек екенін түсіндіру;

газдың ағуы, су құбырының жарылуы, электр қуатының тұйықталуы, өрт қауіпті екенін балаларға айту;

балаларды құтқару қызметтерінің телефондарын пайдалануға үйрету (өрт сөндіру қызметі 101, құтқару қызметі 112).

Күтілетін нәтижелер:

тұрмыстық заттардың міндеттері туралы біледі және оларды тұрмыста дұрыс пайдаланады;

үшкір заттармен жұмыс істеуде сақтық шараларын біледі;

өрт болған кезде әрекет етудің қарапайым дағдыларын меңгерген;

кіші балаларға эвакуация кезінде көмектесу керек екенін біледі;

үйде төтенше жағдайлар орын алғанда (газдың ағуы, су құбырының жарылуы, электр қуатының тұйықталуы, өрт, жарылыс) әрекет етудің қарапайым дағдыларына ие;

телефонды пайдана алады, құтқару қызметтерінің нөмірлерін (өрт сөндіру қызметі 101, құтқару қызметі 112) тереді.

Бала үйде болғанда

Балалар үшін қауіптің көзі болып табылатын тұрмыстық заттар үш топқа бөлінеді:

пайдалануға қатаң тыйым салынатын заттар (сіріңке, газ плиталары, пеш, электр розеткалары, тоқ көзіне қосылып тұрған электр құралдары);

дұрыс пайдалануды қажет ететін заттар (ине, қайшы, пышақ) ;

ересектер балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтауы керек заттар (тұрмыстық химия, дәрі - дәрмектер, спирттік ішімдіктер, темекі, тағамдық қышқылдар, кесетін құралдар).

Педагог балаларға бірінші топтағы заттарды тек ересектер ғана қолдана алатынын түсіндіруі тиіс. Ешқандай жағдайда балалар өзбетінше сіріңке тұтатпауы, плитаны қоспауы, қосылып тұрған электр құрылғыларына қол тигізбеуі керек.

Балаларда тиісті дағдыларды қалыптастыру үшін екінші топтағы заттарды дұрыс пайдалануға үйрету үшін сюжетті-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.

Балаларды үшінші топтағы заттарды қолдана білуге және оларды сақтау ережелерін білуге үйрету үшін тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге іс-әрекеттерді ұйымдастыруға болады.

Балалардың өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту. Демонстрациялық материалды қолданып, өрттің адам өміріндегі рөлін көрсете алады: оң және кері әсерін, өрттің пайда болу себептерін және үйде төтенше жағдайлар туындаған кезде қалай әрекет ету керектігін қарастыру және талқылау. Қажет болса телефонды пайдалану және құтқару қызметтерінің нөмірлерін теру.

«Бала және балабақша»

Мақсаты: тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымда болған кезінде жарақаттану жағдайларын болдырмау.

Міндеттері:

балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру;

түрлі жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін саналы түрде қабылдауға ықпал ету;

қауіпті жағдайларды көре білуге, мүмкіндігінше олардан аулақ болуға, қажет болған жағдайда әрекет етуге тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің дербестігі мен жауапкершілігін дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін біледі;

түрлі жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қолданады;

қауіпті жағдайларды көре білуге, мүмкіндігінше олардан аулақ болуға тырысады, қажет болған жағдайда әрекет етеді;

дербестік пен жауапкершілік танытады.

Бала және балабақша

Топтың жабдықталуы қауіпсіз болуы керек, мысалы, дөңгелектері бар жиһаз — жабылатын құлыптармен жабдықталған, сөрелер — мықты және құлап кетпейтіндей болуы тиіс және т.б. Топтағы және ауладағы жиһаздар мен жабдықтар балалардың қимылдарына қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей орналастырылуы қажет.

Балаларды қарау ыңғайлы болу үшін жиһазды таңдауға және орналастыруға көңіл бөлген абзал. Сондықтан артқы жағы ашық аласа шкафтарды немесе сөрелерді қолданған, ал биік жиһазды қабырғалардың бойына орналастырған дұрыс.

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша теориялық түсініктер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін қойылған міндетке байланысты күн тәртібіне сәйкес түрлі балалар әрекетін күні бойы жүзеге асыру:

- бақылау;
- балалармен әңгімелесу;
- серуен;
- шынықтыру шаралары:
- еңбек әрекеті;
- шығармашылық әрекет;
- дидактикалық, қимылды және сюжетті-рөлдік ойындар;
- балалар көркем әдебиетін оқып беру;
- иллюстрациялар қарау;
- бейнесюжеттер қарау;
- зерттеу әрекеті;
- ата-аналармен жұмыс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша міндеттерді толық игеру және бекіту үшін жұмыс түрлері мен әрекет түрлерін тәрбиешілер циклограмманың «серуен», «балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу өнері, кітаптарды қарау және басқалар)» бөлімдерінде жоспарлайды, олардың ұзақтығы ұйымдастырылу нысанына байланысты. Сюжетті-рөлдік ойындарды ұзақ уақыт өткізуге болады. Бұл балалардың қызығушылық деңгейіне байланысты.

Серуенді балалардың түрлі белсенділігі дамитындай етіп ұйымдастыру: танымдық, физикалық, көркем. Серуен кезінде тірі және өлі табиғатты бақылауды ұйымдастыру, табиғи материалдардан: құмнан, қиыршық тастардан, бұтақтардан құрылыстар салу. Серуен мазмұны аулада, экологиялық алаңда тәжірибе жасауға, тәрбиешінің қолымен жасалған (бұлақтағы судың көтерілуі және жердің кейбір бөлігін су басуы, құмсалғыштағы лай көшкіні және т.б.) моделін бақылауға мүмкіндік береді.

Күн тәртібіне сәйкес түрлі балалар әрекетін өткізу кезінде балалармен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін талқылау:

- қабылдау бөлмесінде киіну кезінде;
- жатын бөлмеде;
- балабақша аумағынан тыс экскурсиялар, мақсатты серуендер өткізуде;
- табиғат бұрышында еңбекті ұйымдастыруда;
- мерекелік іс-шараларды өткізуде;
- балалар ойын алаңында сырғанау кезінде;
- баспалдақпен түсу және көтерілуде;
- балабақша ауласында серуен кезінде;
- жуынатын және дәретхана бөлмесінде;
- тамақтану кезінде.

«Бала көшеде болғанда»

Мақсаты: көшеде балалардың жарақаттар алуы мен жазатайым оқиғаларға тап болуының алдын алу болып табылады.

Міндеттері:

балаларды көшедегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру;

балаларды көшеде (сауда орталықтарында, базарда, кинотеатрларда және т. б.) адасып қалған жағдайда, өзінің атын, тегін, жасын, үйінің мекен-жайын атай білуге үйрету;

жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін кеңейту;

балаларды жерасты жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану ережелерімен таныстыру;

қоғамдық көліктегі мінез-құлық пен қарым-қатынас ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

көшедегі мінез-құлық ережелері туралы түсініктерге ие;

ересек адамның көмегіне жүгінеді, оған өзінің адасып қалғаны туралы айта алады;

адасып қалған жағдайда, өзінің атын, тегін, жасын, үйінің мекен-жайын атайды;

жолдан өте алады;

жол ережесін біледі және қолданады;

жерасты өткелін пайдаланады;

қоғамдық көліктегі мінез-құлық пен қарым-қатынас ережелерін біледі және қолданады.

Бала көшеде болғанда

Балаларды көшедегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру (жалғыз серуенге шыққанда, үйден алыс кетпеу; ата-анаңыз рұқсатынсыз кетпеу; бейтаныс адамдарға еріп кетпеу; бөтен түйіндерді, сөмкелерді көтермеу немесе үйге әкелмеу, бұл өміріне қауіпті зат болуы мүмкін; биік ағашқа шықпау, бұтақ сынып кетсе, төменге құлап кетуің мүмкін).

Егер бала көшеде адасып қалған жағдайда ересек адамның көмегіне жүгінуі керек екенін түсіндіру (мысалы, баласымен қыдырып жүрген әйелге, дәріханадағы сатушыға, жинақ кассасындағы кассирге, дүкеншіге) және өзінің адасып қалғаны туралы айтып, мекен-жайы мен телефон нөмірін атауы, бұл үшін бала өзінің қайда тұратынын, телефон нөмірін, аты-жөнін білуі керек.

Балаларға жолдан қалай өту керектігін ескерту, оларды жер асты жаяу жүргіншілер өткелімен таныстыру. Жер асты жаяу жүргіншілер өткелінің не екенін түсіндіру, оның суретін көрсету.

Балаларды қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру.

Балаларға:

- автобуска, трамвайға, троллейбусқа алдыңғы есіктен кіру, ал ортаңғы және артқы есіктен шығу керек екенін;

- кіші балаларға ата-анасыз қоғамдық көлікте жүруге болмайтынын;

- сөйлескенде басқаларға кедергі жасамау керек екенін;

- есік алдында тұрмау - бұл жолаушылардың кіруіне және шығуына кедергі келтіретінін;

- ашық тұрған терезелерден басын шығарып қарамау және қолды сыртқа шығармауды;

- қарт адамдарға, балалары бар жолаушыларға, мүгедектерге орын беру керек екенін түсіндіру.

Ата-аналарымен қайда барғаны, көліктің қандай түрімен барғаны, өзін қалай ұстағаны, неге ересектерсіз көлікте жүруге болмайтыны туралы әңгімелесу.

«Бала және бейтаныс адамдар»

Мақсаты: балаларға бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау қауіпті екенін түсіндіру.

Міндеттері:

адамның жағымды сыртқы келбеті көбінесе оның ішкі ниетімен сәйкес келмейтіні (немесе керісінше) туралы білімдерін бекіту;

балалармен бірге көшедегі бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудың қауіпті жағдайларын қарастыру және талқылау;

балаларға осындай жағдайларда өзін қалай дұрыс ұстау керектігін түсіндіру;

осындай жағдайларда мінез-құлық ережелерін саналы түрде қабылдауға ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер:

адамның жағымды сыртқы келбеті көбінесе оның ішкі ниетімен сәйкес келмейтіні туралы біледі;

бейтаныс адамдармен қауіпті жағдайларда өзін қалай дұрыс ұстау керектігі туралы түсініктерге ие;

бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде сақтық шаралары туралы біледі және айтады;

көшедегі бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде мінез-құлық ережелерін біледі және оларды орындауға тырысады.

Бала және бейтаныс адамдар

Балаларда қандай ересектер қауіпті болуы мүмкін екені туралы ой қалыптасқанын ескере отырып, оларға бейтаныс ересектермен қарым-қатынас жасау қауіпті екенін айту. Балалардың көпшілігі сыртқы келбеті жағымсыз немесе ұқыпсыз киінген адамдарды қауіпті деп санайды. Кейбір балалар тек ер адамдарды қауіпті («сақалды ағай») деп ойлайды, ал жас, жақсы киінген адамдар, сүйкімді әйелдер, қыздар немесе балалар, күлімсіреп тұрған адамдар зиян келтірмейді деп санайды. Жағымды сыртқы келбет пен ішкі ниеттің кейде сәйкес келмеуі туралы әңгімелесу.

Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудың қауіпті жағдайларын қарастыру (қолынан ұстайды, көтеріп алып, көлікке отырғызады, кіреберіске немесе кез-келген ғимаратқа кіргізу). Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда мінез-құлық ережелерін бекіту үшін балаларға арнайы дайындалған драмалық ойындарды ұсынуға болады.

Бұл жағдайда тәрбиешінің мақсаты – айналадағы адамдар зорлық-зомбылық жасалып жатқанын түсініп, оны әдеттегі балалардың қыңырлығымен шатастырмас үшін балаларды өзін дұрыс ұстауға үйрету.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйырығы*);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйырығы);
3. Безопасность: Учебное пособие по основам безопасности жизнедеятельности детей старшего дошкольного возраста. Авдеева Н. Н., Князева Н. Л., Стеркина Р. Б. — СПб.: «ДЕТСТВО-ПРЕСС», 2004.— 144 с.

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ	5
3	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	14

*Разработано на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста». – Астана, 2024. - 29 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С.Н., д.п.н., профессор

Джуматаева А.Д., заведующая

Мухиденова Ж.А., методист

Образовательная программа «Обеспечение безопасности детей дошкольного возраста» содержит материал по воспитанию навыков безопасного поведения в условиях стихийных бедствий и чрезвычайных ситуаций.

Пособие рекомендовано педагогам дошкольных организаций и предшкольных классов общеобразовательных школ (лицеев, гимназий), а также родителям (законным представителям) воспитанников.

Образовательная программа рассмотрена и рекомендована Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 1 от 12 февраля 2024 года).

Институт раннего развития детей, 2024 год.

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В современном мире никто не застрахован ни от техногенных катастроф, ни от стихийных бедствий. Сегодня сама жизнь доказала необходимость обучения не только взрослых, но и детей дошкольного возраста основам безопасности жизнедеятельности. Ведь в условиях социального, природного и экологического неблагополучия естественная любознательность ребенка в познании окружающего мира может стать небезопасной для него.

Поэтому необходимо сформировать у ребенка сознательное, самостоятельное и ответственное отношение личной безопасности и безопасности окружающих, воспитывать готовность к эффективным, обоснованным действиям в неадекватных ситуациях.

Основная задача, это вложить в сознание детей мысль о том, что поведение на улице, на дорогах, в общественном транспорте, на природе, при обращении с огнем и т.п. требует неукоснительного повиновения правилам безопасности, то есть – послушания им.

